

ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ



ПРЕМЬЕР-МИНИСТР  
РЕСПУБЛИКИ  
КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ \_\_\_\_\_

**Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаттарына**

2023 жылғы 24 мамырдағы  
№ ДС-191 депутаттық сауалға

**Құрметті депутаттар!**

Азық-түлік тауарларына тыйым салуды және экспорттық шектеулерді енгізуге қатысты депутаттық сауалдарыңызды қарап, төмендегілерді хабарлаймын.

«Сауда қызметін реттеу туралы» Заңға сәйкес тарифтік емес реттеу шаралары: ауыл шаруашылығы тауарларының экспортына тыйым салу және сандық шектеулер (*квота*) Қазақстан Республикасы үшін маңызды болып табылатын азық-түлік немесе өзге де тауарлар ішкі нарықта аса тапшы болған жағдайда енгізілуі мүмкін.

Бұл ретте ұлттық деңгейде тауарлар экспортына тыйым салу және сандық шектеулерді (*квоталарды*) енгізу экономикалық тұрғыдан негізделуге тиіс, ал енгізудің орындылығы сыртқы сауда саясаты және Халықаралық экономикалық ұйымдарға қатысу мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның (*бұдан әрі – ВАК*) алқалы шешімімен мақұлдануға тиіс.

ВАК құрамына мемлекеттік органдар, сондай-ақ ВАК отырыстары алаңында бизнес мүдделерінің ресми өкілі болып табылатын «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы (*бұдан әрі – «Атамекен» ҰКП*) кіреді. Сондай-ақ ВАК отырысына талқыланатын мәселелердің күн тәртібіне сәйкес «Атамекен» ҰКП келісімі бойынша салалық қауымдастықтар мен одақтардың өкілдері шақырылады.

Осылайша, тыйым салу мен сандық шектеулерді (*квоталарды*) белгілеу тетігі мемлекеттік органдардың да, бизнестің де, қоғамдық бірлестіктердің де пікірін ескереді.

Осыған байланысты ішкі нарықты азық-түлікпен қамтамасыз ету және халық арасында әлеуметтік шиеленіске жол бермеу мақсатында ауыл шаруашылығы өнімдерін әкетуге уақытша шектеу шаралары белгіленді.

Мәселен, 2022 жылы қантты, ірі қара мал басын (*бұдан әрі – ІҚМ*) және ұсақ қара малды (*бұдан әрі – ұсақ мал*), картопты әкетуге тыйым салу, сондай-ақ бидай, бидай ұны, күнбағыс тұқымы мен күнбағыс майын әкетуге сандық шектеулер (*квоталар*) енгізілді.

2023 жылы пиязды әкетуге тыйым салынды, күнбағыс тұқымын әкетуге экспорттық кедендік баж салығы енгізілді.

Бұл шаралардың шектеулі мерзімі 6 айдан аспайды.

Бұл ішкі нарықты қажетті азық-түлікпен қамтамасыз етуге, бағаны тұрақтандыруға, қайта өңдеу өнеркәсібін қолдауға, сондай-ақ шикізатты қайта өңдеуді ұлғайтуға мүмкіндік берді.

Мысалы, ІҚМ және ұсақ мал әкетуге енгізілген тыйым малдың барлық түрлері бойынша аналық мал санының өсуіне және ет өңдеудің ұлғаюына әкелді.

Мәселен, 2023 жылғы 1 қаңтарда ірі қара мал басы 2,5%-ға, оның ішінде сиыр 6,3%-ға және қой 2,3%-ға өсті.

2022 жылы картопты әкетуге шектеу шараларын енгізу маусымаралық кезеңде (*қаңтар-сәуір*) ішкі нарықтың қажеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

*Анықтама: Өзбекстанның 10 қазаннан 31 желтоқсанға дейін картоп импортына ҚҚС-ты нөлге келтіру жөніндегі шараларды қолдануына байланысты картопты Өзбекстанға жаппай әкету жүзеге асырылды (2021 жылы Өзбекстанға картоптың 95%-ы (187 мың тонна) экспортталды).*

Қабылданған шаралардың арқасында маусымаралық шыңында пиязға қатысты баға индексін нөлдік деңгейде тұрақтандыруға қол жеткізілді. Мәселен, 2023 жылдың 1 сәуірінде пияз бағасының төмендеуі 2,5% деңгейінде байқалды.

Күнбағыс тұқымын әкетуге шектеу шараларын енгізу Қазақстанда күнбағыс майы өндірісін 2022 жылы 62%-ға, бидай мен бидай ұнын өндіруді 10,2%-ға ұлғайтуға мүмкіндік берді.

Айта кету керек, бидай экспортына сандық шектеулер дәстүрлі көлемде енгізілді және астық жинау басталған кезде шектеулер тоқтатылды.

Енгізілген шектеулерге қарамастан, 2022 жылы бидай экспорты 37,7%-ға өсті 1 425 млн АҚШ долл. 1 920 млн АҚШ долл. дейін. Ұн экспорты 70%-ға өсті 440 млн АҚШ долл. 753 млн АҚШ долл. дейін.

Бұдан басқа, отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді (*бұдан әрі – АШТӨ*) қолдау мақсатында «Азық-түлік корпорациясы» ҰК» АҚ нарықтағы бағасы 117 мың теңгенің бидайын (*304 АШТӨ-ден 80 млрд теңге сомасына 958,9 мың тонна*) 121-125 мың теңгеден форвардтық сатып алуды жүзеге асырды.

Жалпы соңғы 2 жылда АӨК өнімінің экспорты оң серпінді көрсетіп отыр.

Мәселен, 2022 жылдың қорытындысы бойынша АӨК өнімінің экспорты 5,6 млрд АҚШ долларын құрады, бұл 2021 жылғы деңгейден 46% жоғары. АӨК қайта өңделген өнімдерінің экспорты 64%-ға ұлғайып, 2,3 млрд АҚШ долларын құрады. Экспорттағы өңделген өнімнің үлесі 37%-дан 42%-ға дейін өсті.

Бұдан басқа, 2023 жылғы 22 ақпанда Сыртқы сауда саясаты және халық аралық экономикалық ұйымдарға қатысу мәселелері жөніндегі ВАК ірі қара малдың терісіне экспорттық кедендік бажды 1 тонна үшін 100 еуроға дейін

төмендетуді және 2023 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі мерзімге ұсақ малдың терісіне экспорттық кедендік баждарды жоюды мақұлдады.

Өз кезегінде, АШТӨ-ні қолдау мақсатында жүргізіліп жатқан аграрлық саясат шеңберінде 2022 жылы Ауыл шаруашылығын субсидиялауға 450 млрд теңге бөлінді, оның ішінде бағыттар бойынша:

мал шаруашылығы – 130,7 млрд теңге;

өсімдік шаруашылығы – 107,8 млрд теңге;

қаржы құралдары – 200,4 млрд теңге;

ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу – 10,9 млрд теңге.

Шешімдерді тезірек қабылдау үшін ағымдағы жылдан бастап барлық субсидиялар жалпы сипаттағы трансферттермен жергілікті бюджеттер базасына берілді.

Ағымдағы жылы ауыл шаруашылығын субсидиялауға – 427,7 млрд теңге бөлінді, оның ішінде бағыттар бойынша:

өсімдік шаруашылығы – 100,7 млрд теңге;

мал шаруашылығы – 107,9 млрд теңге;

қаржы құралдары – 199,8 млрд теңге;

ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу – 19,1 млрд теңге.

Бұдан басқа, майлы дақылдарды қайта өңдеушілер қауымдастығының ақпараты бойынша 2022 жылы май зауыттары АШТӨ-ні 40 млрд теңгеге жуық сомаға болашақ егін есебінен қаржыландырды.

Жалпы агроөнеркәсіптік кешенді дамыту мәселелері Үкіметтің тұрақты бақылауында.

**Ә. Смайылов**